

Арулар мерекесі құтты болсын!

ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫ



Ақпараттық-танымдық басылым

2023 жыл №1 (149) ақпан

Қадірлі Шәкәрім арулары!

Сіздерді әдемілік атаулыдан нәр алған, шыға келер сұлулық боп сан алдан, махаббаттан жаралған, Ұмай анадан таралған, күллі тіршілік иесін «Ана» деген сөзге табындырған, өзінің қылау түспес қылығымен ер-азаматтарды сағыздырған бүгінгі 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақта қыз баланы, аяулы жарды, ананы, қарқара киген әжені ерекше қадірлеген. Бүлдіршін кезінен қыз балаға айрықша орын беріп, «жат жұрттық қой» деп төріне шығарған. «Қызға қырық үйден тиым салып», абыройлап, теңіне берген. Ақ босаға аттап, келін болғанда сол шаңырақтың ырысы деп қараған. «Келін – ененің топырағынан», - деген астары мол қуатты сөзді қазақ қана айтады.

Күллі тіршілік иелері үшін ананың орны бөлек. Дүниедегі ең көркем әуен, ол – ананың айналайын деген дауысы, ең аялы нәрсе, ол – ананың алақаны, ең құдіретті дүние ол – ананың қамқор көңілі, сұлулықтың шыңы – ол анаңның дидары, ең қастерлі дүние, ол – ананың ақ сүті.

Қазақ халқы қашанда қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. «Қыз тәрбиелей отырып – ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Ол – отбасының алтын дінгегі. Университетімізде білім алушылардың 70 пайызы қыз балалар. Осы жас бойжеткендер ертеңгі қазақ елінің бесігін тербеп, болашағын бағамдайтын бала өсіріп жатса, университет миссиясының бір тармағы орындалғаны.

Тарихымызға үңілсек, әрісі Сақ патшайымы Томирисен басталатын, берісі жауға аттанған ержүрек Әлия мен Мәншүктер, кешегі желтоқсанда бодан болмаймын деп жанын берген Ләззәттар ұлтының мақтанышына айналды.

Бәйдібек би бабаның құдай қосқан қосағы Домалақтай анадан басталатын ел аналары галереясы санамызда жаңғырып тұруы тиіс. Қарахан дәуірі кезінде өмір сүрген, ақылымен тәмәм елді тамсандырған ардақты ханым – Айша бибі, Абылай хан дәуіріндегі жаужүрек батыр қыз – Айбике

сынды арулардан бастап, Қаракерей Қабанбай батырдың жары – Гауһар анамыз, одан туған Назым, қазақтың соңғы ханы болып, тарихта қалған Хан Кененің қарындасы Бопай, Құнанбайды дәретсіз емізбеген Зере әжеміз бәрі-бәрі қазақ елінің Аналар эталонын жалғап жатыр.

Жезтаңдай әншілер Бибігүл Төлегенова мен Роза Рымбаева, белгілі ақын Тұрсынхан Әбдірахманова, биатлоннан әлем чемпионы, университетіміздің түлегі Галина Вишневская – киелі Абай елінің мақтанштары...


Тоқсан жылға жуық тарихы бар Шәкәрім шаңырағында қызмет атқарып жүрген қыз-келіншектер – еліміздің мақтанышына айналған осынау ұлағатты жандардың жалғасы. Отбасын ұйытып, бала тәрбиелеп қана қоймай, қоғамдағы қызметті де қоса алып, сол қажыр-қайратының арқасында ел игілігі жолында аянбай қызмет етіп жүр. Қара шаңырақта 600-ден артық қызметкерлер мен 5 мыңға жуық білім алушыларымыз – нәзік жандар.

Құрметті арулар! Бүгінгі мерекеде айтарымыз, үйлеріңізден қуаныш кетпесін, бала-шағаларыңыздың болашағы жарқын болып, азаматтарыңыздың асығы алшысынан түссін! Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

**Сіздерге қарап күн күлген,
Көктем де келді күмбірлеп.
Жайдары мінез арулар,
Жайқалып тұрсыз сүмбілдей.
Білімнің жағып шырағын,
Ғылымның құрап құрағын.
Келесіңдер-ау көтеріп,
Ұстаздықтың ұранын.
Мың шәкіртке нәр берген,
Парасатты ойдың бұлағы.
Арулар, саған сыйлаймын,
Көктемнің салған жыр әнін!**

Мейрам құтты болсын!

**Құрметпен,
Басқарма төрағасы – Ректор
Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ**



ҒАЛЫМ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Шәкәрім университетінде «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор А.С.Еспенбетовтің ғылыми мектебі» дәрісханасының ашылу салтанаты өтті. Ресімге университет басшылығы, зиялы қауым өкілдері мен ғалымның Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған шәкірттері қатысты. Дәрісхана «Семей рухы» кешенді жобасы аясында шәкірттерінің демеушілігімен жасақталды.



Алғы сөз сөйлеген Басқарма төрағасы Б.Ердембеков игі шараның маңыздылығына тоқталып, дәрісхананың жабдықталуына атсалысып, қомақты қаражатпен көмек көрсеткен ғалымның шәкірттеріне алғысын білдірді.

– Қара шаңырақта жақсы дәстүрге айналған үрдіс бар. Ол шапағаты жалпақ қазақ жұртына жеткен туған өлкемізге белгілі азаматтар атында атаулы кабинеттер ашу. «Семей рухы» кешендік жобасы аясында 50-ден астам оқу кабинеттері мен кітапханалар ашылды. Алдынан неше жүздеген шәкірт дәріс алған ұлағатты ұстаз, белгілі ғалым Арап Сләмұлы «Еспенбетовтің ғылыми мектебін» қалыптастырды. Ғалымның жетекшілігімен 1 докторлық, 19 кандидаттық, 1 PhD (философия докторы) диссертация қорғалды. Дәрісхананың ашылуы жастарға үлгі – өнеге болатыны сөзсіз, – деді Бауыржан Аманкелдіұлы.

Атаулы дәрісхананың лента қию рәсімі замандастары в.ғ.д., профессор З.Тоқаевқа, «Парасат» орденінің иегері А.Мұқатаевқа,



п.ғ.д., профессор С.Маусымбаевқа, Семей қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының бұрынғы судьясы А.Алдияровқа, п.ғ.к., профессор Е.Есенжолов пен в.ғ.д., профессор С.Дүйсенбаевқа берілді.

Арап Еспенбетов – қазақ әдебиеттану ғылымының өсіп-өркендеуіне, дамуына айрықша үлес қосып жүрген ғалымдардың бірі. Ғалым 1975 жылы профессор Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың лирикасы» тақырыбында кандидаттық, 1993 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық өмірбаяны» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 600-ден аса ғылыми мақалалары, 10 монографиясы, 2 әдістемелік оқулығы және ғалымның редакциясымен 40-тан аса ғылыми еңбек жарық көрді.

Жиын барысында «Профессор Арап Сләмұлы Еспенбетовтің ғылыми мектебі» кітабының тұсаукесері болды. Кітаптың тұсаукесер рәсімін ақын Тыныштықбек Әбдікәкімов, бұрынғы сот төрағасы К.Мұқашев, т.ғ.д., профессор Қ.Әмірханов, шәкірті, Шәкәрім университетінің ректоры Б.Ердембеков жасады.

Кітапқа көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Арап Еспенбетовтің ғылыми жетекшілігімен докторлық, кандидаттық, магистрлік диссертация қорғаған шәкірттері туралы мәліметтер топтастырылды.

Ғалым А.Еспенбетовтің жеке кітапханасынан 800-ге жуық құнды кітаптар сыйға тартылды. 1960 жылдардан бергі газет-журналдар, көне

кітаптардың фотокошірмелері де дәрісханаға арнайы берілді. Бұл өз кезегінде жас зерттеушілерге ғылыммен айналысуға үлкен мүмкіндік береді.



«ЖОО ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ - 2022» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Астанада жоғары оқу орындарының үздік оқытушыларын марапаттау рәсімі өтті. Байқау жеңімпаздарына 6 млн теңге сыйақы берілді. Марапаттарды ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек табыстады. Байқауда еліміздегі 43 жоғары оқу орнының 150 оқытушысы жеңімпаз атанды.

Шәкәрім университетінің 4 оқытушысы үздіктердің қатарынан көрінді. Байқау – профессор-оқытушылардың ғылыми-педагогикалық қызметі, сапалық-сандық көрсеткішіне сәйкес бағаланған.



Токсамбаева Аймаң – жоғары оқу орындарында атқарған ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі 35 жылдан асады. Аймаң Омарқанқызы педагог маман ретінде кәсіби өсудің барлық сатысынан өткен. Ол еңбек жолын педагогикалық институттың қарапайым оқытушысынан филология ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор дәрежесіне дейін өсті. Аймаң Омарқанқызы өз біліктілігі мен білімін үнемі толықтырып отыратын, ғылыми-зерттеу қызметімен белсенді араласатын оқытушы.

2010 жылы жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Зор еңбегі үшін» медалімен және 2016 жылы Шәкәрім университетіне сіңірген ерекше еңбегі үшін «Шәкәрім» медалімен, 2018 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Алғыс хатымен, 2019 жылы Білім және Ғылым саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «Қазақстанның құрметті профессоры» төсбелгісімен, 2020ж.12 желтоқсанда ұрпақ тәрбиесі мен еліміздің білім беру ісіне қосқан үлесі үшін «Қазақстанның үздік ұстазы» орденімен марапатталған.

Ағымдағы жылы 60 жылдық мерейтойын атап өтті.

Степанова Ольга – т.ғ.к., доцент, «Техникалық физика және жылуэнергетика» кафедрасының меңгерушісі.

Жоғары мектепте жұмыс істей отырып, білім беру саласында болып жатқан барлық инновацияларды бақылайды. Зерттеудің басым бағыттары жылу алмасу процестері. Студенттердің оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға көп көңіл бөледі. Оның басшылығымен жыл сайын СҒЗЖ республикалық байқауында (студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары) жүлделі орындарға ие болады. Жылуэнергетика бойынша Республикалық пәндік олимпиадаларға қатысатын команданың тұрақты жетекшісі.

Кадрларды бірлесіп даярлау және дипломды жобалау, магистрлік және докторлық диссертациялар үшін өзекті бағыттарды пайдалану бойынша базалық кәсіпорындармен белсенді ынтымақтасады. Дүниежүзілік Банк жобасында білім беру бағдарламаларын әзірлеушілердің қатарында болды. 2016 жылы О.А.Степанова «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және «Шәкәрім» медалімен марапатталды.



Мукәев Жандос – PhD доктор, қауымдастырылған профессор. Жандос Мукәев білім беру жолында еңбек етіп, білім саласында, оқу үрдісінде жаңалықтарды назардан тыс қалдырмайтын маман. Ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі 18 жылды құрайтын ұстаздың ғылыми жұмысының негізгі бағыты – қоршаған ортаға кері әсерді бағалау болып табылады.

ЖОО еңбегі және Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен, Семей қаласы әкімінің грамотасымен және Семей мемлекеттік педагогикалық институтының естелік төсбелгісімен марапатталды. Сонымен қатар 2022 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды. 2022-2024 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы.

Байқадамова Әсемгүл – PhD, Жас ғалым, ҚР ҒҖЖБМ гранттық қаржыландырылатын жобасының жетекшісі, Инженерлік-технологиялық факультетінің түлегі. 2016 жылдан бастап «Тамақ өндірісі технологиясы және биотехнология» кафедрасында ғылыми-оқытушылық қызмет атқарады, сондай-ақ Халықаралық факультетте ағылшын тілінде пәндерден сабақ берді.

Әсемгүл Мәдениетқызы азық-түлік қауіпсіздігі және ет өңдеу саласын қалдықсыз өңдеу бағытында ғылыми-зерттеу қызметімен айналысады, 2019 жылғы Конрад Аденауэр атындағы Sur Place Қордың стипендиаты (Германия), Шәкәрім университетінің «Үздік жас ғалым – 2022» (Қазақстан), Ресейде, Болгарияда және Германияда тағылымдамадан өтті, DAAD грантының иегері, оның аясында Гумбольдт атындағы Берлин университетінде (Берлин қ., Германия) «Food Berlin-Sustainable Diets» курсын меңгерген.



Мыңға жуық білікті ұстаздармен сынға түсіп, жеңімпаз атанған өріптестеріміз әлемнің үздік университеттерінде тағылымдамадан өтуге, ғылыми еңбектерін жариялауға мол мүмкіндік алды.

Жеңімпаз оқытушыларға шығармашылық табыс, өркендеу мен үздіксіз даму тілейміз. Еңбектеріңіз еленіп, ұстаздық мәртебелеріңіз асқақтай берсін!

ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ



Шәкерім университеті – 1934 жылы мұғалімдер дайындайтын институт болып құрылған білім ошағы бүгінде бірнеше оқу орындарын біріктірген (зооветеринарлық-малдәрігерлік, педагогикалық, технологиялық және қаржы институттары) әлемге танылған көпсалалы оқу орны. 90 жылға жуық тарихында білім ордасы қоғамның барлық саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан түлектердің сан мыңдаған армиясын дайындап шығарды. Осы тұрғыда Shakerim Media Халықаралық әйелдер мейрамына орай ЖОО-да жемісті қызмет атқарған бірқатар оқытушылар мен мамандар жайлы зерттеу жүргізді.

атқарды. Саналы ғұмырын білім мен ғылым саласына арнаған. 1989 жылы доцент ғылыми атағы берілді.

Күлбану Кабдулкаримқызы – 150-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Олардың ішінде 2 монография, 14 патент және авторлық куәлік бар. Бүгінде аяулы ана, асыл әже. Қазіргі таңда Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қызмет атқарады. Химиялық технология және экология кафедрасы әріптесіне сәттілік тілейді.

Н.К.Крупская атындағы Семей мемлекеттік педагогикалық институтын «Физика» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының Семейдегі филиалында ассистенттік қызметтен бастайды. Тәжірибесі мол, білікті оқытушы. Өңіріміздің экономикасы үшін жоғары білікті мамандар дайындау ісінде елеулі үлес қосты. Көптеген оқу-әдістемелік басылымдардың авторы. Аталған оқу-әдістемелік құрал – бүгінгі күні ЖОО-да физиканы оқытуда таптырмас құрал. «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісімен, Шәкерім атындағы медалімен марапатталған.



АБАНОВА МАРЬЯ НҰРАХМЕТҚЫЗЫ 1967 жылдан бастап бұрынғы Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтында аға лаборант қызметінен кафедра меңгерушісі лауазымында-рын атқарды. Жұмыс барысында 80-нен астам ғылыми еңбектерін, оның ішінде ЖАҚ, КОКСОН тізбесіне кіретін шетелдік басылымдарда және жетекші рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялады. Кандидаттық, магистрлік диссертацияларға жетекшілік етті. Университеттің Ғылыми кеңесінің, факультеттің, диссертациялық және сараптамалық кеңестердің мүшесі, Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы болды.

2012 жылдан бастап құрметті еңбек демалысында. Жұбайы Қажиев Хайдар Жұмағалиұлы ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент, Жанна, Лейла және Жания есімді қыздары бар.



КАБДУЛКАРИМОВА КҮЛБАНУ КАБДУЛКАРИМҚЫЗЫ 1984 жылдан бастап 2022 жылға дейін Шәкерім университетінде оқытушылық қызметті



АТКЕНОВА ҒАЛИЯ БИЯХМЕТҚЫЗЫ – ұзақ уақыт Шәкерім университетінде қажырлы еңбек етіп, өз ісіне адал болған маман. Семей ет және сүт өнеркәсібі институтында 1993 жылдан бастап қызмет атқарып, «Тамақ өнімдерінің технологиясы және биотехнология» кафедрасында 2021 жылға дейін аға лаборант қызметінде жұмыс істеді. Қазіргі таңда құрметті еңбек демалысында. Оқу орны кафедрасы Ғалия Бияхметқызына зор денсаулық, отбасына ортаймас бақ-береке тілейді.



КИЛИБАЕВА САГИЯ ҚАЛИҚЫЗЫ 1945 жылы 2 тамызда Ресейдің Кемерово қаласында дүниеге келген. 1967 жылы



КАЛИМОВА ЖІБЕК ҮСЕМБАЙҚЫЗЫ – Шет тілдер кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты. 1978 жылдан бастап қара шаңырақта үздіксіз қызмет атқаруда. Саналы ғұмырын шәкірттерді тәрбиелеуге арнаған, адал да, білікті мамандық кафедрасының білім берушісі мен білім алушылары құрметтейді. Бірқатар алғыс хаттар мен құрметті грамоталардың иегері.



МУХАМАДИЕВА НУРЖАМАЛ НУРОЛЛИНОВНА – Ветеринария және

АРДАГЕРЛЕРІ

агроменеджмент факультетінің ардагер ұстазы. 1985 жылы бұрынғы Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтында аға лаборант қызметінен бастап, ветеринарлық медицина саласында сан мыңдаған білікті түлектерді тәрбиеледі. Университеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұстаз.



САДЫКОВА САУЛЕ БАЙДУЛОВНА – 1973 жылдан Шәкерім университетінде үзбей ғылыми – педагогикалық қызметін жалғастырып келеді. 1979 жылы Ташкент қаласындағы мемлекеттік университетте кандидаттық диссертацияны сәтті қорғап, физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Жарты ғасырға жуық еңбек өтілі кезінде Сауле Байдуловна ұзақ жылдар кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Қызмет барысында жас оқытушылардың ғылыммен айналысуына, оқу-әдістемелік шыңдалуына үлкен үлес қосты. Өте білімді, мамандығына адал, студенттер мен магистранттар арасында беделді, білім беруде жаңашыл технологияларды қолданатын ұлағатты ұстаз.



ЗАРИПОВА МАДИНА АБДРАХМАНОВНА – педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР халыққа білім беру ісінің үздігі, доцент, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының корреспондент-мүшесі.

1979 жылы Н. К. Крупская Семей мемлекеттік педагогикалық институтында оқытушылық қызметін бастады. 1997 жылдан 2000 жылға дейін аталған институтта, 2001 жылдан 2003

жылға дейін «Семей» мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі болды. Ол 2011 жылға дейін тарих, содан кейін гуманитарлық факультеттің деканы болып жұмыс істеді.

80-нен астам ғылыми еңбектердің авторы. Жоғары білікті әдіскер ретінде «Қазақстан тарихы: мектепте оқыту» журналының редакциялық алқасының құрамына кірді. Осы журналдың беттерінде Қазақстан тарихын оқыту әдістемесінің өзекті мәселелеріне қатысты мақалалар жарияланды.



АЛИБАЕВА МУХАМЕДЖАНОВНА – 1981 жылдан бастап Семей зооветеринарлық институтының «Экономика» кафедрасының оқытушысы. 2005 жылдан 2021 жылға дейін университеттің «Экономика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а. болып қызмет атқарды. ЖОО-дағы ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі – 40 жыл. Университетте жұмыс істеген жылдары ғылыми журналдар мен жинақтарда 50-ден астам ғылыми еңбектерін, оның ішінде 6 оқу құралын, екі монографиясын жариялады. Бірнеше жыл бойы университетте MBA, BBA білім беру бағдарламаларының тьюторы болды. Бүгінде 3 немеренің асыл әжесі.



ЖАН АЗЫҚ

(Айман Омарханқызына арнау)

*Астына алып жүрер қанатының,
Куратор бізге екінші ана-тұғын.
Білген-ау студенттік жылдар мәңгі,
Адамның жүрегінде қалатынын.*

*Жаттатып баба жырын, дала жырын,
Жүректен ізде дейтін жан азығын.
Тағдыры таланттардың қай кезде де,
Ұшында тұрады екен таразының.*

*Тануға соның бәрін болған құмар,
Әр сөзі бізді ерекше толғандырар.
Алдына Айман ұстаз барған шәкірт,
"Бес ғасыр жырлайдымен" шөл қандырар.*

*Апайдың асығушы ек сабағына,
Қарт Семей оған куә қала мына.
Келеді көз алдыңа естеліктер,
Ертістей жылдар жылжып ағады да.*

*Қолдаштап шәкірттерін қуаттаған,
Қашанда нұр жүзінен шуақ табам.
Ақ жүрек, ақ пейілді аяулы ұстаз,
Алты қыр құтты болсын Сіз аттаған!*

Арман ШЕРИЗАТ
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі,
"Дарын" мемлекеттік жастар
сыйлығының лауреаты

*Адамзат үшін сыйлаған асқақ арман мол,
Қаламыменен қалдырған ұлтқа қолдан мөр.
Темірғазығы ұрпаққа, қара түнекті,
Тесіп шығатын, даналықпенен салған жол.*

*Тұлғасы асқақ, тұмары ой мен тәрбие,
Сөзінде дуа, ісінде шексіз бар кие.
Ардақты тұлға адамның әрбір ұстазы,
Миссиялары өлшенбейтұғын мәнге ие.*

*Ұмтылған сәтте білімнің биік шамына,
Ұстаздарымыз күш-қуат берді жаным.
Үйреткен ізгі, тәрбиесі мен білімі,
Сіңіп қалғандай бойдағы ыстық қаным.*

*Студенттерден тамсанар салған сан мүсін,
Арнаған іске бойында жиған күшін.
Шабытпен келген, қағазға жазған бұл жырым,
Таусылмайтұғын, ұстазға деген алғысым!*

Еркеназ ШАҒЫМАНОВА,
Филология факультетінің студенті

Анашым, дәл қазіргі қаламымды қуаттандырып тұрған бір өзіңіз. Перзентің бүгінгі күннің өмір иірімдерінен сенің қолдауың мен қорғауыңның арқасында сүрінбей өтіп келеді. Бар үмітіңді ақтайтынды білемін, ол сенің демеуіңнің, маған деген сенімің мен махаббатыңның нәтижесінде. Анашым, ардақты анам, маматайым. Тәңірге алғыс! Ана деген асылдың құшағының жұмақ екенін сезіндіргеніне, маңдайды сүйген тұстың жап-жарық боларына, «биік тауым», «сары балапаным» дегенде ыстық мейіріммен аузынан шыққан әр сөздің тәтті естілеріне, ауырған жеріңе алақаның басқанда ол «алтын қол» емдік құралға айналып, демде сауығып кететініне көзіңнің сан мәрте жетуіне себепші жан бір өзіңсің – Ана.

Балаңа деген өшпейтін махаббатың әлемге мәлім ғой. Ана махаббаты – бәрінен биік, бәрінен ұлы. Ана сезімі – тұңғыш, мәлдір, пәк. Ана мейірі – жүректің қаттылығын ідіретін, жібітетін күдіретке ие. Ана – менің бар болмыс-бітімімнің, тәрбиемнің, қадір-қасиетімнің жасаушысы, жаратушысы. Қазіргі жиған абыройым мен оның кемелденуіне сен ғана себепшісің. Өзің қанаттандырып, қуаттандырып, өсіріп, өркендетіп отырған ұл-қыздарыңның ішінен қаламға жақын еткен, жыр жазып, шабыт атаулыны арқалауыма, «Қалам ата» мен «Сөз ананы» жолбасшы етуіме тірек болған да бір өзіңсің, Анашым. Алла жазса, «тілмеш» атанып әкем екеуіңнің аттарыңды мұқабамның төріне жазармын. Тек, жанымда жадырап жүріңіздерші!

Өмірде ана дұғасынан артық не бар перзент үшін?! Жаратқаннан сұраған ана тілегінің қабыл болмаған сәті бар ма екен? Жоқ, әрине. Міне, бүгінгі «Мен» болуым анамның жаратқаннан сұраған ізі тілегінің нәтижесі. Біз деп сүріп жатқан өміріңіз тек тәтті естеліктерге толы болсыншы. Біз деп сүріп жатқан ғұмырыңыз ұзақ болсыншы. Әр перзентіңізге артқан әкем екеуіңіздің үміттеріңізді ақтаймыз. Тек қолдап, қорған болып, жанымызда жарқырап жүріңіздерші. Біздің бар көрер жақсылықтарымыздың көрермені тек сіздерсіздер ғой.

Жарқын өміріңнің ертегіге айналуына үлескер өзің ғана. Қаламыма да, жазарыма да, дұғам да ілігер қасиетіңнің құны жоғары. Асылым, ардақтым, жанашырым, жақұтым, бар байлығым, Тәңірден кейінгі жарық ғұмыр кешуге себепші еткен өмір сыйлаушымы, бақытым, анам, мен сізді жақсы көремін. Перзенттік махаббатым өшпейді өзіңізге деген, бойжетсем де....

Нұрай КАСПИЕВА
Жаратылыстану-математика факультетінің студенті

«Анаға хат» Байқауы



АНАМА ХАТ

Ана бүгін жырақтамын, жырдамын, Сенен артық кім түсінер қыз жанын. 15 жыл ғұмырымның бары үшін, Алғысымды өлеңменен сызғаным.

Еркеліктің көрсеткенмін түр-түрін, Балалықтың баспай келем ентігін. Сен ойыңға тойдығ ғой деп қоясың, Сонда мені еркелетер енді кім?!

Тәрбиеңнен тал бойыма жинағам, Жамандыққа дұшпанды да қимағам. Жас қосыла берген сайын жасыма, Ерте есейіп кетем бе деп қиналам.

Алғаш міне, сізден жырақ қызыңыз, Қала шіркін қайнаған ғой қызу іс. Қиялыма ерік беріп кей сәтте, Жыр оқысам, ақын ғой деп жүрдіңіз.

Мен сотқарлық жасап қоям ойланбай, Ұлдарыңнан асып түскен қыз қандай? Әкем сізден бар ашуын алғанда, Ештеме емес дейсің маған бұлданбай...

Ақталады аппақ сүтің егілме, Содан артық анашым бақыт бар ма тегінде. Төбем көкке екі елі жетпеушеді, Сен ақынға ана болсаң түбінде

Зере БЫХИНА
Абай облысы, Семей қаласы,
Алғабас ауылы
«Быхин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
9-сынып оқушысы

ҚОС АНАМ

Ақ сүт берген анамнан жоқ теңдесі, Оттан ыстық оның маған кеудесі. Ақыл, қайрат аңқып тұрар бойыңнан, Майдай жағып кетер маған сөйлесі.

Екінші анам, кіндік шешем қымбаттым, Қай кезде де қатты сыйлап, қимасым. Мені көріп кіндік кескен анамның, Салыстыра беріңіздер сымбатын.

Қос анама жете тұғын жан бар ма? Жетелейтін мені алыс арманға. Тілімізді ұштап берген секілді, Екеуі де ел алдында сайрауға.

Аналарым мәңгі, ұзақ жасасын, Біздерді ыстық құшағына басатын. Біз де үлкен азамат боп өсеміз, Аналардың алып аппақ батасын!

Ақгүл АРИМБЕКОВА
Филология факультетінің студенті

Анашым! Анажаным осынау мерекең қарсаңында құлының қолына қаламын алып, саған хат жазуды ұйғарды. Өттең балапаныңның со-ралап аққан жасымен былғаңған бұл парақты оқи алғаныңда ғой. Эхх... бар ықыласыммен өзге аналардың перзенттері сияқты, менде төл мерекеңізбен құттықтай алғанымда ғой. Расында бұл хатты жазу қандай ауыр екенін білсеңіз... Ішімнің лаулап жатқан өртің, көзімнің селдей аққан жасы өшіре алар емес анашым. Мені жарық дүниеге әкеліп, шыр етіп өмір есігін ашқан сәттен кішкентай жүзімді, кішкентай қолдарымды аялы алақаныңмен сипап, түнде жыласам түн ұйқыңды төрт бөліп мені жұбатып, өмір сүруді үйреткен, құлыным дейтін, құшарлана иіскейтін ғазиз анама деген сағынышым күн өткен сайын ұлғая түсуде...

Мен өмір теңізіндегі осы бір үлкен жолға аттанарда маған айтқан әрбір сөзіңіз, үмітпен қараған көздеріңіз мені алға жетелеп келе жатқандай. Осы сәтке дейін ардақты әкем екеуіңіз берген тәрбиемнен, ақылымнан, білімімнен еш ұлған емеспін. Асыл анам мен әрдайым өзіңізге қарап бой түзейтінмін. Бірде балапандарыңды құшағыңа басып: «Ешкімнің ала жібін аттамаңдар, адал болыңдар, иесіз затты алмаңдар» - деген ұлағатты есиетіңіз сол жақ тұсымда жүрегімде сақтаулы. Сіздің шыдамдылығыңызға, ержүректіңізге қызыға да таңырқай қарайтынмын. Аяулы анашым... Мен үшін әлемдегі ең ұлы тұлға сізсіз!

Дархан анам, сіздей алтын ананың бөбегі болғанымға қуанамын. Анажан өзіңе деген борышымнан өсте құтылмаспын. Алайда сіз жүрген жолменен жүріп, ақ сүтіңді ақтаймын. Мың алғыс ана біз үшін түн ұйқыңды төрт бөлгенің үшін! Балапандарыңа деген ыстық ықыласың үшін! Аялы алақаның мен жылы құшағың үшін! Мейірімге толы жүрегің үшін мың алғыс сізге анашым! Мың алғыс бақытты балалық шақ сילהаның үшін!

Қолда барда алтындарыңызды бағалаңыздар. Алланың разылығы ата-ананың разылығында. Бұл фәниде ата-анаңыз сіздің тебірене жазған хатыңызды оқи алса, онда біліп қойыңыз сіз бақытты жансыз!

Меруерт ЖҰМАҒАЗИНА
Гуманитарлық-экономика факультетінің студенті



БАЛАДАН немесе ДАЛАДАН ХАТ

Арпалысып ошақтағы тандырмам,
Жүрсің бе ана, тірлік дейтін салдырмам.
«Қара құртың» қара мұрты тебіндеп,
Қалада жүр тепкілесіп тағдырмам.

Бітпей қойған арпалысып біліммен,
Аман жүрмін, ештеңем жоқ бүлінген.
Сен тербеткен бесікке сап қара ұлды,
Автобустар тербетіп жүр бүгінде.

Бүтінделмей киімім де кейде әлгі,
Безек қағып балаң қыстай қиналды.
Сағынамын сыз өткенде табаннан,
Пеш түбінде қалып қойған пимамды.

Алға ұмтылып талай менің табаным,
Тағдыр жолда бір жүзіріп, бір тайды.
Сен айтатын әлдиңді қаланың,
Көлігі де сүйкімсіздеу шырқайды.

Оқып жүрміз одан басқа шара жоқ,
Шабатындар!
Арамызда шала жоқ.
Ұрыс естіп, еркелеп те тұрамыз,
Ара-тұра мұғалімге бала боп!
Бар адамда ана жалғыз болса да,
Ол адамдар бар балаға ана боп...

Тас қабырға тас жүрегі қатқан боп,
Тоңдырады ара-тұра демі де.
Ешкімді де еркелетіп жатқан жоқ,
Еркек етіп келе жатыр мені де.
Сырқаттансам емдеп алушы едің ғой,
Ана айтшы, жалғыздықтың өмі не?

Жо-жоқ, мама, жеткілікті жолдасым,
Көтереді шын жолдасстар болғасын.
Бәрі бірдей жол үстінде бәйге емес,
Көріп келем жорғасы мен оңбасын.
Мен де кейде білместікпен от басам,
Жетпегірімін, ол да шын!

Жалынбадым, кеткендерден кетісіп,
Шетте қалмай шер өмірмен шекісіп.
Жетпегенге құдай қалап жетермін,
Жүрмесем де бүгін Ана жетісіп.

Міне осылай кіріп-шығып берекем,
Тереземді әйтеу бір күн тең өтем.
Жалғыз ғана түсінгенім жалғанда,
Жаман ұлдың жебеушісі сен екен...
Күнтізбеде «жұмақ күні» деп тұрған,
Құтты болсын Анам ҰЛЫ МЕРЕКЕҢ!

Ерзат ҚАСЕНБАЕВ
Филология факультетінің студенті

XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ

XX ғасырда ер азаматтармен иық тіресе жұмыс істеген, елдің дамуы үшін сүбелі үлес қосқан қазақ әйелдерін атаңызшы. Ойыңызға бірінші кім келді? Қазақ тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ер азаматтарды білгенімізбен, әйелдерге келгенде ойланып қалатынымыз бар.

XX ғасырдың басындағы феминистік қозғалыстың көшбасшыларының қатарынан **тұңғыш дәрігер қыздар – Гүлсім Асфендиярова және Аққағаз Досжанова**. Олар жоғары медициналық білім алып, дипломды дәрігер болған алғашқы қазақ әйелдері.

Батыр қыздар халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, оқуға тарту, ана тілінде дәріс беру, дәрігерлік оқу орнының беделін көтеру сынды мәселелерді шешуде үлкен рөл атқарды. Өмірлерінің соңғы күндеріне дейін дәрігерлік және оқытушылық қызметтермен айналысып, жергілікті ұлт өкілдері арасынан медициналық кадрларды даярлау ісіне зор үлес қосты.

Қазақтың тұңғыш журналист қызы – Нәзипа Құлжанова

Семейдегі мұғалімдер семинариясында сабақ берді. Осы кезден бастап қазақ әйелдері арасынан дараланып, ұлттың жоғын жоқтады. Қазақ мектептеріне арнап оқулық жазды. Тек педагог, ғалым ғана емес, қаламы қарымды журналист ретінде де қоғамға үн қосты. «Қазақ», «Айқап», «Бірлік туы», «Жаңа мектеп» секілді басылымдарда қазақ тағдырына, оқу-ағартуға қатысты мақалаларын жариялады. 1923 жылы - «Мектептен бұрынғы тәрбие», 1927 жылы «Ана мен бала тәрбиесі» секілді әдістемелік кітаптарын дүниеге әкелді. Екіншісіне Ахмет Байтұрсынұв алғысөз жазды. Абайды қазаққа танытқан зиялылардың бірі болатын. Жүсіпбек Аймауытов «Айқап» журналына бұл туралы: «Біздің қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды Нәзипа ханым болып шежіреде жазылуы тиіс» деп жазды. 1922 жылы - «Еңбекші қазақ» газетінде, 1923 - 1925 жылдары - «Қызыл



ДОСЖАН ДӘРІГЕР

Қазақстанда» (қазіргі «Ақиқат» журналы), 1925 - 1929 жылдары «Әйел теңдігі» (қазіргі «Қазақстан әйелдері») журналдарында жауапты қызмет істеді. Айта кететіндігі, Нәзипа Құлжанова - қазақ зиялысы Нұрғали Құлжановтың жұбайы болатын.

Тұңғыш академик әйел – Нәйла Оразғұлқызы Базанова

Ол қазақ әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш академик, биология ғылымдарының докторы, профессор. Нәйла Базанова 1936 жылы биология ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғаған. Ғалым – тек Қазақ елінің ғана емес, бүкіл Орта Азияда әйелдер арасынан шыққан тұңғыш ғылым кандидаты, тұңғыш профессор, тұңғыш акаде-

мик. Нәйла Базанова мен шәкірттерінің ғылыми-зеттеулерінің негізгі бағыты – күйіс қайыратын мал түліктерінің жасы, өнімділігі және қоректену жағдайына қарай азық қорыту жүйелерінің физиологиялық ерекшеліктерін анықтау. Академик өзінің табиғи талантымен танылған ғұлама ғалым ғана емес, белгілі қоғам қайраткері де еді.

Алғашқы стоматолог – Мүбина Ниязова

Ниязова (Танашева) Мүбина Ибрагимқызы – қазақ қыздарынан шыққан алғашқы тіс дәрігері. 1895 жылы Атырау облысында дүниеге келген. 1912-1915 жылдары Астрахань гимназиясын, ал 1917 жылы Саратов медициналық училищесінің стоматология факультетін бітірген. Мүбина Ниязова 1920-1925 жылдары Ордада дәрігерлік қызмет атқарса, 1925 жылдан бастап қызметін заң саласына бұрды. Әсіресе әйелдер құқығының бұзылуына қатысты істерді қарады. Кейін прокурор, Жоғарғы сотта қызмет атқарды. 1937 жылы Алматыда ұйымдастырған акушерлік мектептің директоры қызметіне тағайындалды. Деректерде 1944-1955 жылдары ол Алматыдағы түрлі медициналық мекемелерде қызмет еткені айтылады. Сондай-ақ 1966-1969 жылдары Жоғарғы Совет Президиумының мүшесі болып қызмет етіпті.

Қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы суретші – Айша Ғалымбаева

Шығармашылық қызметін «Махаббат туралы аңыз», «Шабандоз қыз» т.б. фильмдерге эскиз жасаудан бастады. Ол әр алуан жанрларда жемісті еңбек

ҚАЙСАР ҚЫЗДАРЫ

етті. Суретші — «Аяқалқан», «Жайлау соқпағы», «Көне көзі», «Қобыз», «Сары алма», «Қызыл апорт» т.б. пейзаждар мен натюрморттар және «Батыр ана», «Қазақстан өндері», «Ежелгі керамика», «Қостанай. Алтын дән пирамидалары», «Бейбітшілік» триптихы, «Жердің сыйы», «Береке» т.б. шығармалардың авторы. Оның сәндік-монументтік сарындағы композициялары да көптеп кездеседі.

Ғалымбаева отандық портрет жанрының шебері ретінде де белгілі. Оның «Жазушы Ф. Мұстафиннің портреті», «К. Байсейітованың портреті», «Ұлымның портреті» т.б. еңбектері бар.

Айша Ғарифқызы — «Қазақтың ұлттық киімдері» альбомының авторы. Ол Алматы көркемсурет училищесінде және ҚазҰПУ-да дәріс берді. Түрлі мемлекеттік сыйлықтардың, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендері мен медальдардың иегері.


Қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби пианист – Гүлжауһар Шомбалова

Шомбалова Гүлжауһар Айыпқызы (1919- 1958) – кәсіби музыкалық білім алған алғашқы қазақ қызы, тұңғыш пианист, әрі музыкатанушы ғалым. Гүлжауһар Айыпқызы Ұлы Отан соғысы жылдары филармония әртістерімен бірге еліміздің шығыс шебіндегі әскери бөлімдер мен госпитальдерде өнер көрсетеді. 1958 жылғы мамыр айында Мәскеу консерваториясының Ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертациясын қорғаған Гүлжауһар Айыпқызы еліміздегі алғашқы музыкатанушы ғалым қыздардың бірі ретінде осы саланың көшбасшысына айналады. Диссертациялық кеңестің жұмысына академик Әлкей Марғұлан да қатысып, еңбекке жоғары баға береді.

Профессор болған алғашқы қобызшы – Фатима Жұмағұлқызы Балғаева

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, халық аспаптар кафедрасының тұңғыш түлегі. Ол қобыз аспабында кәсіби орындаушылық өнердің көрнекті өкілі болумен бірге өзінің барлық саналы ғұмырын еліміздің білікті музыкант орындаушылары мен педагогтарын тәрбиелеу ісіне толығымен арнаған толағай ұстаз. Жастайынан шығармашылық еңбекке қызу араласқан оның пешенесіне қазақ ұлттық қобыз мектебінің іргетасын қалау, жетілдіріп алға дамыту секілді жауапты әрі құрметті міндеттер жазылыпты. 100-ден аса тәлімгер тәрбиелеп, 55 жыл педагогика саласында қызмет атқарды.

Shakarim Media



МҮБИНА НИЯЗОВА



НӘЙЛА БАЗАНОВА



НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА



АЙША ҒАЛЫМБАЕВА



ФАТИМА БАЛҒАБАЕВА

УНИВЕРСИТЕТ МУЗЕЙІНІҢ ТАРИХЫНАН



Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеттің музейі 2011-12 жылдары ұйымдастырылып, экспозициясы 2012 жылы ашылды. Сол кездегі ұйымдастырушылардың істеріне, жасаған жұмыстарына ризашылық білдіреміз, өйткені осы күнге дейін музей университеттің тарихи-танымдық шараларын, идеялық-тәрбиелік жұмыстарын жүргізетін мәдени-ағарту бөлімшесі болып келеді. 4-4,5 ш.м. жерде әр факультеттің тарихын, олардың арғы тарихын көрсететін маңызды, басты материалдарды жинастыру, іріктеу, дайындау – бұл экспозиция жасаушылардың ұлаңғайыр еңбегі. Музейге келушілерге ең бірінші көзге түсетіні көптеген фотоматериалдар, архив деректері, құжаттар. Солар арқылы факультеттердің ашылғаннан бергі тарихы, жетістіктері мен жаңалықтары, университетке еңбегі сіңген тұлғалар мен ұстаздар, оқу ошағында өткізілген ғылыми шаралар мен білім алушылардың студенттік өмірі көрсетілген. Міне, мыңға жуық фотоматериалдар мен заттық жәдігерлер музейдің негізгі залында орналасып, университетпен және оның тарихымен таныстырады.

Қазіргі кезде музей экспозициясы кеңейтілген, екінші зал ашылған. Онда «Ұлы дала тарихы» атты тұрақты көрме ұйымдастырылып, келушілердің назарына 100-ден аса этнографиялық заттар ұсынылған. Көрмеде музейдің алтын қорына кіретін экспонаттар топтастырылып отыр. Олар бірнеше коллекциялардан тұрады:

Белбеулер топтамасы;

Ер тұрман – ат әбзелдеріне жататын заттар;

Әйел адамдардың әшекей бұйымдары;

Күнделікті тұрмыста қолданылған заттар;

XIX, XX ғ. басында жарық көрген кітаптар;

Қазбалардан түскен заттар.

Университетке 1999 жылдан ақын-философ Шәкәрім Құдайбердіұлының аты берілген білеміз. Сондықтан, көрмеге жиналған экспонаттардың көбі ақын заманын көрсететін, сол кездегі күнделікті өмірде пайдаланылған заттар болып келеді. Олар облысымыздың әр аудандарынан жинастырылған екен. Ақынның

туған жері, қазіргі Абай ауданынан жиналған жәдігерлердің ішінде, ақын заманынан мына заттарды айтып кетуге болады: *тас диірмен, темір кісен, ағаш астау мен саптыаяқ*, сүйектен жасалған *шақша*, Абайдың замандасы Оразбай Аққұлұлының (1837-1921) ұрпақтары *тапсырған заттар*. Музей ұйымдастырған кезде түскен тағы бір экспонат: сахнада Шәкәрім ақынның образын көрсеткенде киілген *шапан*. Музейге түскен әрбір затқа құжат толтырылады, мысалы, шапанға құжат былай толтырылған екен: *«ШАПАН – қазақтың ұлттық киімі. Материалы, техникасы: мата, тері; тігу, жапсыру. Дәуірі: XX ғ. Шапан жасыл түсті қалың түкті матадан астарсыз тігілген. Жағасы, екі жиегі, жеңі, етегі қоңыр түсті қой терісімен қапсырылған. Шапанның алдыңғы жағын тері жиекпен қатарлас алтын түсті оюмен әдемілеген. Түймелері жоқ. Өлшемі: ұзындығы - 110 см., 54 размер. Экспонат тарихынан: Абай атындағы Семей облыстық драма театрында қойылған М.Ибраевтың «Шәкәрім» спектакліндегі бейнесін сомдаған Қазақстанның халық әртісі Бекен Имаханов киген шапан. Музей қорына тапсырған Жарылғасин Мақсат»*. Бұл шапан музей қорына түскеннен бері экспозицияда орын алып келеді.

Музей ашылғаннан бастап университет тарихына байланысты материалдардан басқа, Шәкәрім ақын, ұстазы хакім Абай туралы материалдар да жинала басталған. Оны музейдің «Түсім Кітабынан» көруге болады. Алғашқы музей қорына түскен заттарды тіркегенде Абай Құнанбайұлы туралы материалдар бірінші тіркеліпті. Мысалы, ақынның «Болаң болдым, мінеки...» өлеңінің газетке басылғаны туралы архив дерегі бұл кітапқа үшінші болып тіркеліп, «ТК-3» деген нөмір берілген. Биыл Шәкәрім ақынның туғанына 165 жыл толады. Музей жұмысының бір түрі – көрме ұйымдастыру. Сондықтан, алдағы уақытта университет тарихымен бірге ақынға байланысты музей қорына түскен материалдарды көрме арқылы көрсету, яғни насихаттау, жоспарланып отыр.

Маржан Біржанқызы,
музей маманы



ОБУЧЕНИЕ COURSERA В SHAKARIM UNIVERSITY: РЕЗУЛЬТАТЫ НАШИХ СТУДЕНТОВ

риккызы успешно завершила курс университета Калифорнии «Коммуникация на рабочем месте в XXI веке».

Современное общение становится все более сложным из-за постоянного роста населения планеты, расширения способов коммуникации с помощью технологий, а также последних достижений в области медицины и науки. Однако существует стратегия, которая позволяет нам общаться наиболее эффективно. И этот курс, как раз-таки, и обучает студентов правильному общению.

Обучение на платформе Coursera удобное. Я могу заниматься в любое время суток. Для этого мне нужен лишь ноутбук и записная книжка. Я узнала много нового! Обучение состоит из нескольких модулей: тестирование, лекция и экзамен. Мы выполняем задания и делаем работу над ошибками. В первом модуле я узнала о том, как мы восполняем внутреннюю энергетические ресурсы, обрабатываем информацию, принимаем решения и какого распорядка придерживаемся. Я узнала, что для коммуникации на рабо-

чем месте, в первую очередь, нужно выяснить собственный стиль общения и предпочтения, а также понять, как вы ведете себя на рабочем месте», - говорит Динара Сериккызы.

Она также отметила, что обучение на портале Coursera она пройдёт ещё не раз, ведь это замечательная возможность развиваться!

Добавим, что в Shakarim University на сегодняшний день обучение завершили около 80 человек! Это хороший результат.

SHAKARIM UNIVERSITY SPARTAKIAD



Шәкәрім университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында дәстүрлі өтетін спартакиада өз мәресіне жетті. Университет ұжымының денсаулығын нығайту, спорттық шеберлігін шыңдау және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында өткен спартакиада ойындары бір жарым айға дейін жалғасын тапты.

Спорттың ер және әйел адамдар арасында волейбол, футбол, баскетбол, бадминтон, тоғызқұмалақ, ату, дартс, шахмат және үстел теннисі сияқты тоғыз түрінен өткен сайысқа 7 команда қатысты. Атап айтқанда, жарыс кезеңдерінде «ИТФ», «ЖМФ», «ФФ», «ГЭФ», «ВАФ» факультеттері мен «Колледж», «Ректорат» ұжымынан құралған командалар бақтары мен баптарын сынады.

Спартакиаданың жабылу салтанатында университет басшысы Бауыржан Ердембеков оқу орны ұжымының арасында салауатты өмір салтын дәрiптeуде осындай шаралар зор септiгiн тигiзетiндiгiн атап өттi.

«Спорт – денсаулық кепiлi. Мемлекетiмiз өзiнiң алдына дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы мiндет қойып отыр. Сондықтан да Шәкәрім шаңырағында спорт, дене шынықтыру салаларына көп көңiл бөлiнедi. Былтырғы жылмен салыстырғанда спорттың материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда», - дедi Бауыржан Аманкелдiұлы.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биылғы спорт сайысына 250 қызметкер қатысқан. Әрбір команда 27 адамнан тұрады. Аталған көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда жоғары. Сонымен қатар жүлде қоры 4 есеге өсті. Ең алғаш ұйымдастырылған жылы 250 мың болса, биыл 1,5 млн. тг ұлғайды. Университетіміздің бастауыш кәсіподақ ұйымы 350 мың тг көлемінде қаражат бөлді. Сондай-ақ, Түлектер қауымдастығы да



бұл үрдістен қалыспады. 1,2 және 3 орын иелеріне қаржылай сыйлықтар берілді. Атап айтқанда, 1 орын – 500 000 мың, 2 орын – 400 000 мың, 3 орын – 300 000 тг.

Спорт сайысының қорытындысы бойынша «жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» шыққан командалар мен жекелей қатысушылар университет ректорының Алғыс хаты мен ақшалай сыйлықпен марапатталды. Жеңімпаз командаларға арнайы жүлде қоры бекітілді. Жалпыкомандалық есепте Жаратылыстану-математика факультеті өзгелерден оқ бойы озып шығып, 1-орын алды. Колледж командасы 2-орынды иеленсе, жүлделі үшінші орын Ректорат құрамасының қанжығасына байланды.

Бір жарым айға созылған спартакиада нәтижесі төмендегідей:

Бадминтон

Ерлер

- 1 орын – Заякин Виктор;
- 2 орын – Өзгерісхан Нурбулан;
- 3 орын – Нурғалиев Данияр.

Әйелдер

- 1 орын – Назархан Ақсұнкар;
- 2 орын – Асқар Шырайлым;
- 3 орын – Бакенова Камила.

Үстел теннисі

Ерлер

- 1 орын – Ермеков Ертарғын;
- 2 орын – Түктіев Кайрат;
- 3 орын – Хромов Виктор.

Әйелдер

- 1 орын – Королева Светлана;
- 2 орын – Жақупова Меруерт;
- 3 орын – Исағалиева Асыл.

Тоғызқұмалақ

Ерлер

- 1 орын – Жумагулов Берик;
- 2 орын – Мухамбаев Бектас;
- 3 орын – Сахаев Бақытжан.

Әйелдер

- 1 орын – Алмабек Асем;
- 2 орын – Муслимова Назерке;
- 3 орын – Рахматулина Дарига.

Шахмат

Ерлер

- 1 орын – Демежанов Төлеубек Мухамедиевич;
- 2 орын – Полевик Василий;
- 3 орын – Әлімханов Нурахмед.

Әйелдер

- 1 орын – Кабышева Жанар;
- 2 орын – Рахматулина Дарига;
- 3 орын – Садыкова Райгүл;

- 3 орын – Кулмышева Назым;
- 3 орын – Назархан Ақсұнкар.

Мылтық ату

Ерлер

- 1 орын – Ибраев Болатқали;
- 2 орын – Шақенов Жанатбек;
- 3 орын – Кабышев Талғат.

Әйелдер

- 1 орын – Байбосинова Құралай;
- 2 орын – Назархан Ақсұнкар;
- 3 орын – Асқар Шырайлым.

Алдағы уақытта студенттер арасында спартакиада ойындары өтеді.

ТОП-10 ЛУЧШИХ СТУДЕНТОВ ФЕВРАЛЯ!


Ни для кого не секрет, что в стенах нашего университета обучаются талантливые и социально-активные студенты. Shakarim University регулярно поддерживает их инициативы и помогает реализовывать идеи.

TOP-100 – замечательный проект, который раскрывает творческие стороны наших обучающихся. В конце учебного года проводится церемония награждения, где лучшие из лучших получают медали, благодарственные письма от ректора университета и стипендию.

Мы искренне поздравляем десятку лучших за февраль, которые показали наивысший результат, и отличились своими успехами. А в их числе:




1 место
ШАЙМАРДАНОВ
КУАНЫШ - ИНЖЕНЕРНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ
ФАКУЛЬТЕТ



2 место
ФАРХАДОВ ИСЛАМ -
ИНЖЕНЕРНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ
ФАКУЛЬТЕТ




3 место
ОМЫРАЛДЫ
АЙЗАДА -
ФАКУЛЬТЕТ
ФИЛОЛОГИИ



4 место
СЫРЫМУЛЫ МЕРЕЙ -
ГУМАНИТАРНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
ФАКУЛЬТЕТ




5 место
МУКАТ ДИАС -
ФАКУЛЬТЕТ
ВЕТЕРИНАРИИ И
АГРОМЕНЕДЖМЕНТА




6 место
ШОМШЕКБАЕВА
НУРАЙЫМ -
ФАКУЛЬТЕТ
ФИЛОЛОГИИ



7 место
НУРТОЛЕУОВ
СУЛТАНБЕЙБАРЫС -
ГУМАНИТАРНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
ФАКУЛЬТЕТ



8 место
ЛУКАНОВА ДИЛЬНАЗ -
ГУМАНИТАРНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
ФАКУЛЬТЕТ



9 место
КАБЫЛАХМЕТОВА
АРУЖАН -
ЕСТЕСТВЕННО-МАТЕМАТИЧЕСКИЙ
ФАКУЛЬТЕТ



10 место
МАУСЫМБЕК
ЕРКЕЖАН - ФАКУЛЬТЕТ
ВЕТЕРИНАРИИ И
АГРОМЕНЕДЖМЕНТА

Напоминаем, если вы:

Хотите стать лучшим студентом;
Получить медаль «Шәкәрім»;
Стать обладателем стипендии «Шәкәрім»;
Жить бесплатно в общежитии университета;
Тогда регистрируйтесь на сайте <http://top100.shakarim.kz/> и загружайте свои достижения, выбрав ячейку КРІ, нажав кнопку «Ввод», обозначив название показателя.



2023

ЛИЦО
SHAKARIM
UNIVERSITY
FEBRUARY

SHAKARIM UNIVERSITY
SHAKARIM.EBU.KZ

КАБДРАХМАНОВА АРАЙЛЫМ

Shakarim Media запустили новую рубрику «Лицо Шакарима». Каждый месяц будет проводиться опрос, студенты будут выбирать лицо, которое окажется на главных постах в социальных сетях, а главное, главным героем нашей газеты.

Нашей моделью на этот раз стала студентка первого курса Факультета Ветеринарии и Агроменеджмента Кабдрахманова Арайлым Сабыржановна.

Она учится на специальности «Лесные ресурсы и охотоведение»

«Я родилась 5 декабря 2004 года. С детства любила заниматься танцами. Это было моим основным хобби. Сейчас танцы - неотъемлемая часть моей жизни.

Кроме того, я очень люблю читать. Очень люблю романтические комедии, они всегда поднимают мне настроение.

Также обожаю делать своими руками украшения: браслеты, бусы. Такая кропотливая работа всегда доставляет удовольствие.

Любимый певец - Akha. Недавно вышла его песня «Insomnia», которую я слушаю на повторе уже несколько недель. Люблю проводить время с друзьями и семьей. Мы вместе готовим кексы, торты, пирожные. Иногда делаю их на заказ», - говорит она.

Что касается студенческой жизни, так Арайлым – настоящая активистка. Выступает на мероприятиях, помогает в организации концертов и конференций, посещает тренинги и является душой компании.

«В университете тоже вхожу в студенческий актив. Мы выступаем на мероприятиях, и это мне в радость. Я познакомилась здесь с крутыми и интересными ребятами, которые всегда поддерживают меня! С ними моя студенческая жизнь стала только ярче», - заключает Арайлым.

Наша рубрика будет знакомить читателей с творческими личностями, расскажет об интересах студентов и о том, как они проводят свободное время. Ну а следующий опрос будет уже очень скоро! Следите за новостной лентой в социальных сетях!



Құрылтайшысы:
«Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
университеті»
КеАҚ

Қазақстан
Республикасының
Ақпарат және
коммуникациялар
министрлігінің
Ақпарат комитеті
берген тіркеу куәлігі
№ 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ
Фотограф: Мұратжан МҰРАТОВ

✉ semgu_2020@bk.ru
🌐 <http://shakarim.edu.kz/>
📷 @shakarim_university

Білім алушы жастарға арналған
ақпараттық-танымдық басылым
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті» КеАҚ медиа орталықта
басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а